**Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасауды, бағалауды және рейтингтер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен, агенттіктермен және өзге де институттармен өзара іс-қимыл жасау туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2008 жылғы 12 маусымдағы N 162-ө Өкімі. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2021 жылғы 13 мамырдағы № 89-ө өкімімен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Премьер-Министрінің 13.05.2021 № 89-ө өкімімен.

Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасауды, бағалауды және рейтингтер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен, агенттіктермен және өзге де институттармен өзара тиімді іс-қимыл жасауды қамтамасыз ету мақсатында:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасауды, бағалауды және рейтингтер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен, агенттіктермен және өзге де институттармен өзара іс-қимыл жасауға жауапты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарын бекітіп беру (бұдан әрі - Бекітіп беру) бекітілсін.

2. Бекітіп беруде көрсетілген Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары:

1) Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолу жасауды, бағалауды және рейтингтер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдарға, агенттіктерге және өзге де институттарға тұрақты негізде ақпарат беруді қамтамасыз етсін;

2) Бекітіп беруде көрсетілген халықаралық ұйымдар, агенттіктер мен өзге де институттар жүргізетін бағалауларға және рейтингтерге тұрақты мониторинг жүргізсін;

3) тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүргізілетін жұмыс туралы ақпарат берсін.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі тоқсан сайын, есептіден кейінгі айдың 25-күніне дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Үкіметіне жүргізілетін жұмыс туралы жиынтық ақпарат берсін.

4. Осы өкімді іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2008 жылғы 12 маусымдағы
N 162-ө өкімімен
бекітілген

Ескерту. Бекітіп беруге өзгерту енгізілді - ҚР Премьер-Министрінің 2008 жылғы 12 карашадағы N 270-ө 2009.10.01. N 140-ө Өкімдерімен.

## Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолуды, бағалауды және рейтингтер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдармен, агенттіктермен және өзге де институттармен өзара іс-қимыл жасауға жауапты Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдарын бекітіп беру

| N | Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық жағдайына шолуды, бағалауды және рейтингтіктер беруді жүзеге асыратын халықаралық ұйымдар, агенттіктер немесе өзге де институттар | Рейтингтің (индекстің), бағаның атауы | Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен өзге де ұйымдары |
|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 |
| 1 | Дүниежүзілік банк | Бизнес жүргізудің қолайлылық деңгейі (Doing bussines) (Жылсайынғы есеп) | ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, Қаржымині, ЭМРМ, ККМ, ҰБ ( келісім бойынша), БҚА |
| 2 | "Transparency International" (Сыбайлас жемқорлыққа карсы күрес жөніндегі дүниежүзілік үкіметтік емес ұйым) | Сыбайлас жемқорлықты сезгіштігі индексі | ЭСЖКА (келісім бойынша), ІІМ |
| 3 | Дүниежүзілік экономикалық форум | Бәсекеге қабілет-тіліктің жаһандық рейтингі | Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ұлттық Банкі жанындағы Ұлттық талдамалық орталық" АҚ (келісім бойынша) |
|  | Дүниежүзілік экономикалық | Экологиялық жетістіктер | Қоршағанортамині |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 4 | форум | индексі | (жинақтау), ДСМ, ЭМРМ |
| 5 | Лозанна қаласында орналасқан (Швейцария) IMD (Менеджментті дамытудың халықаралық институты (International Institute For Management Development - IMD) | Бәсекеге қабілеттілік индексі | ЭБЖМ ЭЗИ (жинақтау), БҚА, Қаржымині, ИСМ, ЭМРМ, ККМ, ТМРА (келісім бойынша), ҰБ (келісім бойынша), ЭБЖМ, СА (келісім бойынша), Әділетмині, МҚА (келісім бойынша) |
| 6 | "Freedom House" ("Бостандық үйі" - халықаралық үкіметтік емес ұйымы) | "Freedom of the Press" баспасөз еркіндігі деңгейінің индексі | МАМ (жинақтау), СІМ |
| 7 | "Economist Intelligence Unit" ("Economist Intelligence Unit" журналы) | Өмір сапасы индексін есептеуге арналған индикаторлар | СА (жинақтау), Қаржымині, ИСМ, ЭМРМ, ККМ, ЭБЖМ, Әділетмині, МАМ |
| 8 | ХВҚ (Халықаралық валюта қоры) | Деректерді таратудың арнайы стандартымен (ДТАС) салыстырғандағы Қазақстан Республикасыныңмакроэкономикалық статистикасын бағалау | СА (жинақтау), Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша) |
| 9 | "Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы" Европалық өңірлік бюросы | Бағалау | ДСМ |
| 10 | *Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2009.10.01.* N 140-ө *Өкімімен* | | |
| 11 | Дүниежүзілік банк | Амортизация мен табиғи капиталдың жоғалуын ескеретін шынайы жинақ-тар индексі | Қоршағанортамині |
| 12 | "ЮНКТАД" ("UNCDAT" " - United Nations Conference for Trading and Development - БҰҰ-ның Сауда және дамыту жөніндегі конференциясы) | Тікелей шетел инвестицияларын тарту индексі | ИСМ (жинақтау), Қаржымині, ЭМРМ, ККМ, ҰБ (келісім бойынша), ЭБЖМ, АӨҚОА (келісім бойынша), БҚА |
| 13 | БҰҰДМ (Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы) | Адами даму индексі (Жыл сайынғы есеп) | БҒМ (жинақтау), ДСМ, Еңбекмині |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 14 | "Mercer Human Resourse" (Адами ресурстарды дамыту жөніндегі халықаралық компания) | Қалалардың жыл сайынғы рейтингі (Жыл сайынғы баспасөз-релиз) | Астана қаласының әкімдігі, Алматы қаласының әкімдігі |
| 15 | Экономикалық ынтымақтас-тық және дамыту ұйымы | Кредиттік сенімділік рейтингі | ЭБЖМ (жинақтау), ИСМ, ҰБ (келісім бойынша), Қаржыми-ні, ЭБЖМ, АӨҚОА (келісім бойынша), ҚНРА (келісім бойынша) |
| 16 | "Heritage Foundation" ("Мұра" қоры - АҚШ-тың зерттеу және оқыту институты) | Экономикалық еркіндік деңгейі | ИСМ (жинақтау), Қаржымині, ЭМРМ, ККМ, ЭБЖМ, Әділетмині, АӨҚОА (келісім бойынша), БҚА |
| 17 | "Шексіз тілшілер" халықаралық ұйымы ("Reporters without Borders/Reporters sans frontiers") | Дүниежүзілік баспасөз еркіндігі индексі | МАМ (жинақтау), СІМ |
| 18 | *Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2009.10.01.* N 140-ө *Өкімімен* | | |
| 19 | Standard&Poor халықаралық рейтингтік агенттігі | Егемен кредиттік рейтингтер | ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ҚНРА (келісім бойынша) |
| 20 | Fitch Ratings халықара-лық рейтингтік агенттігі | Егемен кредиттік рейтингтер | ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ҚНРА (келісім бойынша) |
| 21 | Moody's Investors Service халықаралық рейтингтік агенттігі | Егемен кредиттік рейтингтер | ЭБЖМ (жинақтау), Қаржымині, ҰБ (келісім бойынша), ҚНРА (келісім бойынша) |
| 22 | *Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2009.10.01.* N 140-ө *Өкімімен* | | |
| 23 | *Алынып тасталды - ҚР Премьер-Министрінің 2009.10.01.* N 140-ө *Өкімімен* | | |
| 24 | ЮНЕСКО (UNESCO) статистика институты | Білім, ақпараттық -технологиялық даму деңгейінің индексі | БҒМ, СА |

**Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:**

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және

бюджеттік жоспарлау министрлігі
Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі
ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
ҰБ - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
ҚНРА - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу және қадағалау агенттігі
АӨҚОА - Қазақстан Республикасы Алматы қаласының өңірлік қаржы орталығының қызметін реттеу агенттігі
Әділетмині - Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі
ТМРА - Қазақстан Республикасы Табиғи монополияларды реттеу агенттігі
ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі
МАМ - Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігі
ЭМРМ - Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі
ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі
ІІМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі
ЭСЖКА - Қазақстан Республикасы Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі (қаржы полициясы)
СА - Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі
Еңбекмині - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі
БҒМ - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Қоршағанортамині - Қазақстан Республикасы Қоршаған ортаны қорғау министрлігі
ЭБЖМ ЭЗИ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігінің "Экономикалық зерттеулер институты" АҚ

БҚА - Қазақстан Республикасы Бәсекелестікті қорғау агенттігі
МҚА - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
ДТАС - Деректерді таратудың арнайы стандарты
ХВҚ - Халықаралық валюта қоры

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК